

Шахтинск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 1520/22 "Салық салу нысаны бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1724/39 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 5902 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Шахтинск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 1520/22 "Салық салу нысаны бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4869 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 23 шілдеде, 2018 жылғы 20 шілдеде № 29 "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Сессия төрағасы

А. Есмаганбетов

Шахтинск қалалық мәслихатының хатшысы

Ж. Мамерханова